



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қытай тілі аса күрделі тіл болғандықтан, онда мөлшер сөздердің саны көп және әрбір мөлшер сөздің ойды анықтайтын, толықтайтын, сипаттайтын өзіне тән қызметі бар. Сондықтан олардың бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға келмейді. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қолданылуы сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі білідретін мағынасы жағынан, мөлшерлік мағынасымен, құрылымдық қызметі жағынан жіктеліп, ерекшеленеді. Ал қазақ тіліндегі мөлшер сөздер жеке сөз табыретінде қарастырыл мағанымен, тілде атқаратын қызметтеріне қарай олар сан есімдердің құрамындағы нумеративті сөздер немесе өлшем сөздер, септік сөздер, есептік сөздер деп аталып жүр.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздер санесіммен, есімдікпен тікелей тіркеседі. Ал зат есім, етістік, сын есім әдетте мөлшер сөздер арқылығана сан есіммен тіркесе алады. Бұл қазіргі заман қытай тіліндегі мөлшер сөздердің басты айырмашылығы. Олар сан есім немесе сілтеу есімдігіментір кесіп, сөйлем мүшесі болады. Сонымен қатар мөлшер сөздер сөйлемде анықтауыш, толықтырғыш, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметтерін атқарады. Мөлшер сөздер кеңінен қолданылады және олардың өзіндік қолдану ерекшеліктері, заңы бар. Өртүрлі мөлшер сөздер өртүрлі сөздерді шамалайды.

Бір мөлшер сөз өртүрлі сөздерді шамалай алады. Бір сөзге бірнеше мөлшер сөздер қолданыла береді.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің бір түрі немесе бір тобы – өлшем бірліктері қазақ тілінде дедәл сондай болып кездеседі. Сонымен қатар, қытай тіліндегі бірнеше мөлшер сөз қазақ тіліндегі бірғана мөлшер сөзбен және қазақ тіліндегі бірнеше мөлшер сөз қытай тіліндегі бірғана сөзбен берілу құбылысында жоқ емес. Қытай тіліндегі мөлшер сөздерді қолдануда ерекше қатандықты талапетеді. Егер сөйлемде мөлшер сөзді дұрыс қолданбаса, яғни сипатталатын объектінің өзінеғана тән мөлшер сөзді қолданбаса, немесе оны қалдырып кетсе, онда бұл сөйлем негізгі мазмұнынан айырылыпқалады. Жалпы алғанда, «сан есіммен зат есімді» мөлшер сөздер құрайтын мөлшер сөз тіркесінің, ең басты синтаксистік қызметі – анықтауыш болу. Нақты жағдайларда олбастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш жасайалады. Ерекше тіл ортасында, бастауыштық, баяндауыштық қызметтерін атқара алады, бірақ толықтауыштық қызметжасай алмайды. Сан есіммен қимыл мөлшер сөз және зат есім тіркесіп келгенде белгілі жағдайда сөйлемде ол бастауыш қызметін атқарады.

Мөлшер сөздердің сезімдік, формалық және тілдік реңктерін нақты білу мөлшерсөздерді дұрыс қолдануымызға көмектесіпқана қоймай, оларды шебер тандай білуімізг екөмектеседі, тілді оданда көріктіқыла түседі.

Қорыта келгенде, шетел тілінің жүйесін саналы түрде меңгеру барысында анна тілімен салғастыру қазақ тілінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жүйелі түрде, тереңірек түсінуге, меңгеруге, пайымдауға жол ашады.

Қолданылған әдебиет

1. Драгунов. А.А.Исследования по грамматике современного китайского языка. 1 часть. М.- 1952, с.231.
2. Яхонтов С.Е. Категория глаголов в китайском языке.– Ленинград, 1957
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1991. - 384 б
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. -384
5. Лүй Шусяң. Қытай грамматикасының қысқаша очеркі. –Пекин, 1956. – 290 б.
6. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі .–Алматы: Ана тілі, 1992. -248 б.
7. Ма Цзень Чжун [马氏文通] .Грамматика сауаты. –Пекин,1898.

ӨОЖ 811.581:003.354

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ САНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Тойбол Қарақат

Сандар – заттардың нәрселердің мөлшерін анықтауға негізделген жиын болып табылады. Сандар ұғымы өте ерте заманда пайда болған. Бұл ұғым ғасырлар бойы кеңейтілген әрі жалпылана түскен. Ертеде әрбір халық табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ әрбір халықтың өмірінде түрлі мәнге ие, ерекше сипат бере отырып, жиі қолданылатын сандар тізбегі де көп. Қазақ халқында кейбір сандар тізбегін салт-дәстүрімізден, ырымдарымыздан, офоризмдерден, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерден кездестіреміз. Мысалы: “Анаңды меккеге үш рет арқалап апарсаң барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың”; “бір түлкі жеті бөріні алдайды”; “алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді”; “жерден жеті қоян тапқандай қуанды” т.б.

Ұлы ғалым Пифагор: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие» – деген екен. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, о баста бес күндік апта, бертін келе жеті күндік апта болған. Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар, басқа мағынада қолданумен ерекшеленеді[1, 15]. Мұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны көзге анық түседі, бұл құбылыстың тарихы да ертеде жатқаны белгілі. Сандарының қадір-қасиетін біле отырып, әрбір сан жайлы ой толғанысын тудыру, білімге қызығушылықты арттырады. Бұл мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі кейбір сандардың білдіретін ұғымдары, ішкі мәні қарастырылады. Осы негізде қазақ және қытай тіліндегі ерекше маңызы бар сандарға талдау жасалады. Сондай-ақ қазақ және қытай тілдерінде сандармен байланысты жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестері де қарастырылады.

Қытай тіліндегі ерекше сандар

Кез келген тілдің сөздік қорына енетін сан атаулары ақиқат болмыстың өзінен, өмір шындығынан алынған, адамзаттың нақты заттардың өлшем-мөлшерін айыру қажеттілігінен туындаған. Әртүрлі халықтың ұқсамаған мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-санасына байланысты сандарға болған түсінігі де әртүрлі болып келеді. Қытай халқы сандарға ерекше мән беретін ұлт, қытай тілінде кейбір сандардың өзіндік мәні, ерекшелігі бар. Қытай азаматтары, әсіресе, жас буын арасында әр түрлі әлеуметтік желілер де болсын сандар тізбегін қолдану дәстүрі кең етек жайған.

«1» саны қай тілде болсын бірлік сөзінің түпкі түбірі саналады. Адам өмірін басқаратын, әр пенде ұмтылатын сан болып есептеледі. Қандай да бір құбылыстың, тіршіліктің, әлем жаратылысының бастауын білдіреді. Қытай тілінде дүниенің бастамасы және әрбір істің қайнар көзі болып саналады. Қытай тілінде «1» санының қолданылу аясы өте кең. Ертедегі жазушылар әдеби шығармаларында «1» санын көп қолданған. Мысалы: атақты қытай жазушысы 李白 (Ли бай) “山中与幽人对酌” деген шығармасында: “一杯一杯复一杯 (бір, бір стакандап...)” деп жазған. Таң дәуірідегі атақты ақыны 王建 (Уаң жиан) “古谣” (Ежелгі баллада) деген өлеңінде мағынасы жағынан қарама қарсы сөздерді жүйелі түрде қолдана отырып өлең жазған. “一东一西垅头水, 一聚一散天边霞。一来一去道上客, 一颠一倒池中麻”.

«1» санына байланысты қытай тілінде көптеген тұрақты сөз тіркестері кездеседі, қолданылуына қарай әртүрлі мағына береді, мысалы: “百闻不如一见” (мың естігеннен бір көрген артық), “有一无二” (тек біреу, қайталанбайтын), “千载一时” немесе “千载一遇” (мың жылда бір рет болатын мүмкіндік), “九牛一毛” немесе “九牛一毫” (көптік ішіндегі бірі). «1» саны бар кейбір тұрақты сөз тіркестерінде қосарланып қолданылған кезде де аз, болымсыз деген мағынаны береді. “一丝一毫” (өте аз), “一手一足” (күші шектеулі), “一草一木” (болымсыз), “一针一线” (аз), “一知半解” (білері аз), “一言半语” (қысқа сөйлеу), “一言难尽”

(бір сөзбен түсіндіру қиын), кедей, жағдайы нашар деген мағынаны да береді, “不名一钱” (ақшасы аз), “一无所有”, “不名一文” (ештеңесі жоқ), “一穷二白” (кедей), жетістік, нәтижені де білдіретін тұрақты сөз тіркестерінде қолданылады, “一劳永逸” (бір рет еңбектеніп, жеңіске жету), “一本万利” (аз ақша шығарып, көп пайдаға кенелу), “一举两得”, “一箭双雕” (бір оқпен екі қоянды ату), “功一美二” (бір жеңіспен екі атаққа бірден кенелу), “一飞冲天” (үлкен жеңіске жетіп, адамдарды таң қалдыру). “一路顺风”, “一路平安”, “一帆风顺” барлығы да ұзақ сапарға аттанар кезде қолданылады, ақ жол болсын, жолың болсын дегенді білдіреді. Сезім, махаббатқа байланысты идиомаларда да кездеседі, “一见倾心”, “一见钟情” (бір көргеннен ұнатып қалу), “心有灵犀一点通” (қыз бен жігіттің арасындағы шынайы сезім), “一双两好” (бір-бірін шынайы сүйетін ерлі-зайыптылар). “一心一意”, “专心一志” мұқият, бар зейінімен деген мағыналарды береді. “一表人才”, “一表人物”, “一表非凡” адамның сыртқы келбетінің ретті, салауатты екенін білдіреді. “一别如雨” (ұзақ уақытқа айырылысу), “一哄而散” (бір айқаймен айырылысу), “一盘散沙” (тарыдай шашылған), “一刀两断” (бірден байланысын үзу) т.б. осы сияқты «1» санын қолдана отырып жасалған тұрақты сөз тіркестері қытай тілінде өте көп.

«2» саны қытай халқы үшін жағымды сандардың қатарына жатады. «2» саны қытай тілінде күрделі әрі маңызды сан. Қытай тілінде “两”(екі) мен “俩”(екеуі) деген сөздердің қолданылуы мен екі деген мағынаны білдіретін “两” мен “二” сөздерінің қолданылуы қытай тілін үйренушілер, тіпті қытай халқы өзі де қиындықтарға ұшыратады. Бұл сөздердің грамматикалық қолданылуын меңгеру өте қиын. Сандар жиынтығындағы бірінші жұп сан болып саналатын «2» саны “对” (жұп), “双” (егіз) деген сөздермен мағыналас. Ежелгі қытай мәдениетінде “好事成双成对” (жақсы іс қос-қостап келсін), “双喜临门” (жақсылықтар жұбымен болсын) деген жақсылықты армандау мақсатындағы наным-сенім болған. Қытай тілінде “二” немесе “两”(«2») санын қамтитын тұрақты сөз тіркестері кеңінен қолданылады. Мысалы, “二八佳人” (он бес жастағы қыздар), “九牛二虎之力” (күші зор), “三言两语” (сөзі аз), “接二连三” (бірінен кейін бірі), “独一无二” (өте сирек кездесетін), “三三两两” (өте аз), “一千二净” (ештеңе қалдырмау), “毫无二致” (бірдей, ұқсас), “一而二, 二而三” (қайта қайта), “誓死不二” (қажымас рухты), “有死无二” (өлседе өзгермейтін шешім жасау), “一不做, 二不休” (бір істі соңына жеткізу), “一传两, 两传三” (жалғасты түрде), “三平二满” (жақсы өмір), “食不二味” (кедей).

«3» саны қытай тілінде аса бір ерекше сан болып саналмайды, аса мән бермейтін сандардың қатарында болғанымен, «3» саны қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінде көп кездеседі. “三分像人, 七分像鬼” (сиықсыз), “说三道四” (албаты сөйлеу), “喙长三尺” (сөзшен), “三寸不烂之舌” (сөзге жүйрік), “巴三揽四” (жан-жаққа тарту), “五大三粗” (бойы биік, күші зор), “日上三竿”, “日高三竿”, “日山三竿” (таң әлдеқашан атты), “三更半夜” (өте кеш), “六街三市” (барлық көшелер), “握三顶四” (өте көп адамдар), “握三顶五”, “三五成群” (бірнеше адамның бас қосып жиналуы), “冰冻三尺非一日之寒” (мұз бір күнде емес, ұзақ уақыттық аяздың нәтижесінде қатады), “三六九等” (әртүрлі дәреже), “朝三暮四” (алдамшылық жасау), “一日三秋”, “一日不见如隔三秋” (қатты сағыну), “士别三日, 当刮目相待” (ілгерілеушілік бар, үнемі сын көзбен қарауға болмайды), “二三其德”, “一系三迁” (өте қажырлы), “三过其门而不入” (беріле жұмыс істеу), “低三下四” (басқаларды төмен санау), “狡兔三窟” (өте қу), “两面三刀” (екі беткей адам), “入木三分” (мұқият талқылау), “丢三落四” (салақ), “三顾茅庐” (шын пейілімен шақыру) т.б.

«4» санын ертеде қытай халқы жақсы көретін, бүтіндікті, орнықтылықты білдіреді деп сенген. Ертеде қытайларда төрт бағытқа байланысты 四象 (төрт бағытты білдіретін жануарлар), 四季 (төрт мезгіл), 四神 (төрт әулие), 四谛 (төрт асыл) қатарлы табиғатқа табынатын наным-сенімдер, қытайлардың «4» санына деген құрметінен пайда болған.

Қоғамның дамуына байланысты адамдардың ой-санасы да өзгерді. Қазіргі қоғамда

қытай халқы «4» санын мүлде қолданбайды, қолдануға тиым салынған деуге де болады. 四 (төрт) иероглифі қытай тіліндегі 死 (өлу) иероглифімен үндес болғандықтан, қазір қытай халқы «4» санын қолданбайтын болған. Адамдар телефон номерінде, үйдің номері, машина номерінде «4» саны болғанын қаламайды, тіпті кейбір ғимараттардың лифтінде «4» саны бар қабат жоқ, орнына 3A немесе 13A сандарын қолданады. Мерекеде, туған күнде бір-біріне сыйлаған сыйлықтарының саны төртеу болмауына аса мән береді.

«8» саны қытай тіліндегі жағымды сандардың қатарында. «8» санының түпкі мағынасы “分别” (айырылысу), “分开” (айыу), бірақ қоғамның дамуына ілесе адамдардың санасында да өзгерістер болды. Соңғы жылдары қытай халқы «8» санын өте жақсы көреді, тіпті табынады деуге де болады. Себебі “八” (сегіз) мен “发” (баю) деген сөз қытай тілінде үндес сөздер болғандықтан, қытай халқы телефон номер болсын, үйдің номері, машинаның номері болсын «8» санын қолданғанды дәстүрге айналды. Бұның нақты айғағы ретінде 2008 жылы 8 тамызда Қытайда өткізілген Пекин олимпияданы айтуға болады, осы олимпияданың өткізілу уақыты қытай халқының «8» санына деген құрметін айқын көрсетті. Қазіргі қоғамда қытай халқы машина номері болсын, үйдің номері болсын, тіпті лифттің, телефонның номерлері болсын, барлығында «8» саны болғанын қалайды, жақсылық алып келіп, отбасына байлық сыйлайды деп сенеді.

Қазақ тілдеріндегі ерекше сандар

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, шариғатқа қатысы, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында қазақ бір санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе білген.

«1» саны қазақ тілінде тек біреу, жалғыз деген мағынаны білдіреді. Әрбір істің бастамасы болғандықтан жағымды сандар қатарына жатады. Қазақ тілінде «1» санын қамтитын тұрақты сөз тіркестері көп кездеседі, мысалы: “дос көңілі бір атым насыбайдан қалады”, “көп дауысы қосылса, бір дауысты жоқ қылар”, “көп кісі - бір кісінің тәңірі”, “бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығар”, “бірдің кесірі мыңға”, “жауың бір болса, досың он болсын”, “білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады”, “білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз”, “он кәсіпті шала білгенше, бір кәсіпті жақсы біл” т.б.

«2» саны. жалғыз емес, «жұп» дегенді білдіреді, тіліміздегі «егіз» сөзі осы екі сөзінің негізінде жасалған (түбір - екі, -з көне түркілік көптік жалғауы). Қазақ халқының көзқарасына сай жер мен аспан, адамзат ұрпағын жалғастыратын еркек пен әйелдің жұбын, ақ пен кара, жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жер шарының тепе-теңдігін сақтап тұратын екі энергия ұғымдарын білдіреді[2, 37].

«2» санын қамтитын тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде аз емес. Мысалы: “екі тау қосылмайды, екі ел қосылады”, “екі түсті көз жаздырады, екі беткей елді аздырады”, “күлкен күле жетеді, екі етегін түре жетеді”, “екі сөзді ер болмас, есептескен ел болмас”, “егіз ешкі сауын болмас, екі жалқау ауыл болмас”, “ердің екі сөйлегені - өлгені”, “қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт”, “екі жасты қосқанның сауабы бар” т.б.

«3» саны жалпы түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында қасиетті болып есептелінеді. Қазақ халқының күнделікті өміріндегі іс-әрекетінен «3» санына деген құрмет пен сенімді көруге болады. Мысалы: бет жуғанда ауыз шайғанда тіпті кір жуғанда да үш рет жууды қазақ халқы салтқа айналдырған. «Ер кезегі үш рет» деген мақал да қазақта көп қолданылады. Қазақ тілінде осы сияқты «3» санына қатысты ұғымдар өте көп, үш тоқтам, үш тағылым, үш жүз, үш тәтті, үш қуат, үш жұрт, үш арсыз, үш байлық, үш ғайып т.б. Қазақ ұғымында аптаның үшінші күні, яғни сәрсенбінің сәтті күні деп сапарға шығатын болған, осы күні басталған істің бәрі де сәтті болады деп сенген. «3» саны бар тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде жиі қолданылады: “жыланды үш кертседе, кесерткілік әлі бар”, “әкеден үш ұл туады, бірі аса туады, бірі кейін қаша туады, бірі жағаласа туады”, “жылайын деген баланың, үш күн бұрын көзі қышиды”, “ананды меккеге үш рет арқалап барсаңда, қарызыңнан құтыла алмайсың”, “жаман мерген бір теке атқан жеріне үш рет барады”.

«5» саны құпия болып Пифагордан бастап Европа елдерінде «5» саны қасиетті киелі сан болып оны тіптен нотаға да қатыстырмаған. «5» саны бар ноталарды қолдануға тыйым салынған. 5санын алғашқы болып енгізген ғылыми дәлелдеген Әл-Фараби атамыз. Әл – Фараби оның жалған түсінік екенін дәлелдеп, ноталық сандарды жаңа жолға, бір жолға келтірген, табиғи сандардың үздіксіз санатын қолданған[3, 29]. Бұл санға қатысты Абай атамыздың: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол.адам болам десеңіз...» деген өлең шумақтарында кездеседі. Сонымен қатар, бұл сан діни ұғымда бес уақыт намаз, бес парыз сияқты түсініктермен беріледі.

«7» саны. Қазақтардың таным-түсінігінде жеті санының алар орны ерекше. Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбі, соның ішінде қазақтар ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаған. Біздің ата-бабаларымыз жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң жүйелерін жеті санымен сәйкестендірген. «7» санымен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті қат көк, жеті ғашық сөздері пайда болған. XVI ғасырда өмірге келген әз Тәукенің "Жеті жарғысы" да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болу керек. Аллах Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады. Өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу және "Жетіге келгенше жерден таяқ жерсің", "Жеті қабат жер астында" сияқты дәстүрлік сөздер мен мақал - мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты. Жетіқарақшы – аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Кемпірқосақ, табиғаттың осы бір тамаша көрінісінің жеті түрлі паш етуі ерекше назар аудартады. Қазақтар арасындағы ертеден келе жатқан аңыз бойынша, бұл құбылыстың кемпірқосақ болып аталуы, бір қора қойды араластыра байлаған кемпірдің қосағына байланысты» – деген аңызы да жоқ емес[4, 51]. Жеті қазына – қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырады. Қазақ халқының жеті қазынаны «жеті ырыс» деп атауының да мәні осында жатыр.

«9» саны халықтар түсінігі бойынша қателіктер мен кемшіліктер бірлестігі. Тоғыз санының қасиетіне тоқталсақ, ана құрсағында нәресте тоғыз ай, тоғыз күн өсіп жетіледі. Бұл сан – адамның ғұмырында пайда болып, жарық дүниеге келетінге дейінгі уақыт өлшемі. Тоғыз саны өмірге адам әкеледі. Ол үш үштіктен құралған. Көшпенділер тоғыз санын болмыстың шыңы деп санаған, олардың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерінде тоғыз саны қасиетті болып есептелінген. Тоғыз санының негізгі мағынасы – «ұзақ өмір». «9» санына байланысты халқымыз: " Тоғыз әйелдің толғағы бір күні келіпті", "Тоғыз жолдың торабы", "Тоғыз қабат торқа қию", "бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз (үйленгендегі ырым) сөздерін жиі естуге болады.

«12» саны - халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша он екі айға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Осындағы он екі жылды бір мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. Он екі сөзімен байланысты "он екі мүшен сау болсын", "он екіде бір нұсқасы жоқ", "он екі баулы өзбек" деген сөздер де айтылады.

«40» қазақ халқымыздың қасиет тұтатын тағы да бір саны. Нәрестенің мойны бекіп, қырық күн толғанда "Қырықынан шығару" деген ырымы бар. Өлген адамның "Қырқын беру" дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты "Қырықтың бірі - қыдыр" деп қарсы алу т.б. сенімдер, ырымдар «40» сөзімен байланысты.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрі өз бойындағы ерекше қасиеттері таланты мен дарындылығы, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрінген. қасиетті сандар арқылы тәрбие берген салт-дәстүрімізді сол қалпында сақтап қалу басты міндетіміз.

Қолданылған әдебиет

1. Джонни Болл, «Бәрі де сандар туралы» Алматы кітап 2006ж.
2. Қараджа О.С. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері. Кан.

дисс.автореф.//Алматы, 2005 жыл.

3. Жанпейісова С.Е. Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер //ҚРБ және ҒМ-нің ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006 жыл, №4, 45-49-бет.

4. «Сықырлы пішіндер мен сандар әлемінде» Шымкент, «Шикула и К» 2005ж.

ӘОЖ 811.581:37.091.3

ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЕРЕКШЕ ФОРМАЛАРЫМЕН ТӘСІЛДЕРІ (ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҮЛГІСІНДЕ)

Тұрысбек Жанерке Ермекқалиқызы

guniang_janiko@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Шетел илологиясы:қытай тілі
мамандығының IV курс студенті. Астана. Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Дүкен Мәсімханұлы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі–Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім берудің сапасын жаңарту мен әлемдік білім стандартына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру екендігі қажет»-деп атап көрсетті. Бүгінгі күні өркениетті елдермен тереземіз тең, егемендікке қол жеткізген заманда, Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы кешенді мәселенің бірі – келер ұрпаққа сапалы да, нәтижелі білім беру болып табылады.

Сондықтан да, қазіргі таңда біздің елімізде білім берудің басты мақсаттары – оқытудың оңтайлы тәсілдері мен жаңа оқыту технологияларын енгізіп, білім алушылардың білім сапасын арттыру; қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, көпмәдениетті, тілді жетік меңгерген, толерантты тұлғалар дайындау. Елбасымыздың жүргізіп отырған сындарлы саясатының негізінде Қазақстан көптеген шет елдермен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, экономикалық, дипломатиялық, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстар қарқынды дамып келеді [1]. Бұл өз кезегінде шетел тілін жетік меңгерген кәсіби мамандарға деген сұранысты арттыруда. «Жеті жұрттың тілін біл» деп дана халық бекер айтпайды. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Елімізде мектептер мен жоғарғы оқу орындарында ағылшын, неміс, француз т.б. Еуропа елдерінің тілдерін үйрету кеңінен етек жайған, сонымен қатар соңғы жылдары Шығыс Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнауының салдарынан көптеген жастардың корей, жапон, қытай тілдерін оқып-зерттеуге қызығушылығы арта түскендігін айта кету керек. Тіпті кейбір орта білім беру мекемелерінде бұл тілдер оқу бағдарламасына сәйкес шет тілі ретінде таңдау пәніне енгізілуде. Ал жоғарғы оқу орындарында бұл тілдер бойынша кәсіби білім алушы мамандардың саны жыл сайын артып келеді. Шығыс Азия тілдерін оқып-үйрену елімізде даму процесіне енді енгендіктен, қазіргі таңда оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері зерттелу үстінде. Әр оқу орнының өзіндік ерекше методикасы бар. Менің мамандығым шетел филологиясы: қытай тілі, болашақта қытай тілінен кәсіби мамандар дайындайтын педагог болуды мақсат еттім, сондықтан қытай тілін үйрету үлгісінде түрлі методикаларға зерттеулер жүргіздім.

Білім берудің басты мақсаты – білім берушінің бойында мәдениеттер арасындағы

байланысқа қажет коммуникативті құзірет дәрежесін дамыту болып келеді [2]. Білім берудің коммуникативті әдісі пайда болып, өріс ала бастағаннан бері коммуникативті құзірет білім берудің басты мақсаты болып қарастырыла бастады. Ол бұрындары кеңінен таралған грамматикалық аударма және аудиоллингвалық әдістердің орнын басты.

Коммуникативті білім беру әдісінде білім алушыларды шет тілінде іс жүзінде қарым-қатынасқа түсуге дайындауға басты назар аударылады. Коммуникативті құзіреттің мазмұны